

Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жатқызылған тауарларға қойылатын бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптардың 45-тарауына өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 23 мамырдағы № 82 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 58-бабының 2-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 2 қосымшаның 22-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешімімен бекітілген Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жатқызылған тауарларға қойылатын бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптардың 45-тарауына мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) екінші абзацтағы "жануарлардың мына жұкпалы аурулары" деген сөздер "соңғы 6 ай ішіндегі құтырма" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) үшінші және төртінші абзацтар алып тасталсын;

в) бесінші абзац мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Ветеринариялық сертификатты берген ветеринариялық дәрігер иммунитетті бір жылдан астам құрайтын вакцинамен ұстап тұру мерзімі аяқталмағанын растаған немесе иммунитеттің 0,5 ХБ/мл кем емес қауырттылығы (тек құтырма үшін) зертханалық расталған кезде, шәуетті іріктеуге дейін 12 айдан астам уақыт бұрын инфекциялық ауруларға қарсы егілген донор-төбеттердің шәуетін әкелуге және (немесе) орнын ауыстыруға жол береді.";

г) сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Донор-төбеттер жыл сайын паразитке қарсы препараттармен емделуден өтеді.";

д) оныншы абзац алып тасталсын.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович